

Тіркелген салық ставкаларын бекіту

Күшін жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2009 жылғы 4 ақпандағы № 146 шешімі. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 наурызда № 9-5-87 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2011 жылғы 20 мамырдағы № 307 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2011.05.20 № 307 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (бұдан әрі салық кодексі) 422 бабының 2 тармағына 2008 жылдың 10 желтоқсанындағы № IV-99 және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілейді, сондай-ақ Алтынсарин ауданы бойынша салық басқармасы берген мәліметтерге сәйкес Алтынсарин аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Бір салық салу объектісіне тіркелген салық ставкасының айлықтағы ең төменгі базалық мөлшерін бекіту (қосымша).

2. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

А л т ы н с а р и н а у д а н ы
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т і ,
ж е т і н ш і с е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
аудандық мәслихат хатшысы Т.М. Құлмағамбетов

А л т ы н с а р и н а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң ш е ш і м і н е
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 4 а қ п а н д а ғ ы
№ 146 шешіміне қосымша

Бір салық салу объектісіне тіркелген салық ставкасының айлықтағы ең төменгі базалық мөлшері

№ р/р	Көрсеткіштердің атауы	Тіркелген салық ставкасының айлықтағы ең төменгі (Айлық есеп көрсеткіші)
1		1

	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК